



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Джон Стюарт Милль, Серен
Кьеркегор мен Артур Шопенгауэрдің
әйелдер туралы ойлары. Маркс
еңбектер бөлінісі туралы



Джон Стюарт Милль – британ философы, социолог, экономист және саяси қайраткер. Джереми Бентамның шәкірті.

Джон Стюарт Милльдің әйелдер мен ер адамдардың арасындағы құқықтардың теңсіздігі мәселесін көтеруіне оның Гарриет Тейлормен үйленгенге дейінгі көп жылдарға созылған дәстүрден тыс арақатынасы ықпал еткені анық. Бір қызығы – оның өз өмірінде орын алған жағдаят, шын мәнінде, оның мүлде қолдамайтын ұстанымының – полигамияның Мормондық санкциясы мысалына айналды. Оның айтуынша, бұл эксперимент оның либертарлы қағидаларына қарсы келетін.

Джон Стюарт Милль және оның көп жылдан соң сүйіп қосылған әйелінен туған өгей қызы Хелен Тейлор болды.

Милльдің айтуынша, қоғам әйелдердің құлағына неке дегеніміз – ең алғашқы қажеттілік және ең маңызды нәрсе деген ойды құйып отырады. Нәтижесінде әйелдердің көбісі мүлде ешкімнің әйелі болмағаннан гөрі, бір адамның бірнеше әйелінің бірі болуға көнуге мәжбүр етеді. Милль полигамияны қолдаған жоқ; бірақ ол мормондарды одан бас тартуға мәжбүрлемей керек дейді. Сонымен бірге, ол сол кездегі ағылшын моногамиясына да жаны қас болды. Өзі некеге тұрған кезде ол ресми заңның бір тараптың жеке тұлғасына, жеке меншігіне қатысты екінші тарапқа толық бақылау берілуіне қатысты келісімнің шарттарына қарсы пікір жазды. «Өзімді осындай пасық құзыреттерден заң жүзінде айыра алмайтындықтан мен неке туралы қолда бар заңға қарсы ресми наразылығымды жария етуді өзіме борыш санаймын. Мен еш уақытта және ешқандай жағдайда бұл заңның маған беретін құзыреттерін пайдаланбауға ресми түрде уәде беремін!» деп жар салды. Ол неке туралы ағылшын заңына қарсы пікірлерін «Әйелдердің бағыныштылығы туралы» брошюрасында егжей-тегжейлі тізіп шықты. Милльдің ойынша, бір жыныстың екінші жынысқа құқықтық бағынышты болуы о бастан дұрыс емес және бұл адамзаттың даму үдерісіндегі ең басты кедергі болып табылады. Ол кездегі жағдайға сай, әйел жай ғана күйеуінің құлы болатын; ол оған өмір бойы еш қарсылықсыз бойсұнуы тиіс еді, ал оның сатып алған кез келген жеке меншігі бірден жолдасының атына өтетін. Бір жағынан оның жағдайы тіпті нағыз құлдардан да нашар болатын. Христиандық елде құл әйел өз қожайынының тарапынан жасалған сексуалды дәмешілдікке қарсылық көрсетуге құқы болатын; ал әйеліне қатысты ер адам ойына келгенін жасап, оның қалауларын мүлде ескермеуге құқылы болды. Әйелдердің ер адамдарға бағынышты болуының жалғыз себебі – ер адамдардың физикалық тұрғыда әлдеқайда мықты болуы және бұл дәстүрдің жалғасын тауып келуі ер адамдардың эгоизміне ғана байланысты. Ешкім ер адамдардың құқықтарының басым болуы басқа баламалы жүйелерге қарағанда жөн және бұл тәжірибе жүзінде тексерілген деп айта алмайды, себебі мұндай тәжірибе болған емес. Туыла саласымен қоғамның беретін ұстанымдарына қарай әйел адамдар өз жағдайларын міндетті күй ретінде ғана қабылдап отырды, яғни осы жүйеге бағынуға мәжбүр болды.

Ер адамның басымдығы әсіресе отбасылық қатынастарда қатты көрінді. «Әйел адам ешбір құқығы жоқ, күйеуінің құлы бола береді. Ол оның рұқсатынсыз ештеңе істей алмайды. Ол онсыз ештеңе сатып ала алмайды, сатып алғанның өзінде ол мүлік бірден жолдасының билігіне өтеді. Олардың ортақ балаларына қатысты заңды құқық тек ер адамға тиесілі. Ешқандай зорлық-зомбылық, ешқандай ұрып-соғу ол кездегі Англия заңына сай әйел адамның жолдасынан қорғалуына себеп болмайды». Милльдің айтуынша, билік адамдарды азғырады, отбасылық деспотизм саяси деспотизмнен жақсырақ емес. Оның ойынша, ең дұрысы – ерлі-зайыптылар арасындағы билікті әрқайсысы өз бөлігіндегі билікті барынша пайдаланатындай етіп бөліп беру, әрі жүйені немесе қағидаларды өзгерту үшін екі жақтың да келісімі болуын қамтамасыз ету. Құқықтардың реттелуі міндеттердің реттелуіне сай болуы тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда басымдық отбасын асырап отырған жақта болады. Ерлі-зайыптылардың заң алдындағы теңдігі – «адамзаттың күнделікті өмірін адамгершілікке сай тәрбиенің мектебі етудің жалғыз жолы», себебі қоғамның жалпы жағдайының қалыпты болуы – оның мүшелерінің арасындағы теңдікпен ғана үйлесімді реттеледі. Тек қана әділетті негізге сүйенетін отбасы ғана «еркіндіктен туындайтын игіліктердің мектебі» бола алады.

Енді осы мәселе бойынша Кьеркегордың пікіріне құлақ ассақ, Джон Стюарт Милльдің «Әйелдердің бағыныштылығы туралы» еңбегінің сол кездегі әлеуметтік ахуалдағы маңызын



екі континенталды философтың – Кьеркегор мен Шопенгауэрдің еңбектерімен салыстырып отырып, көруге болады.

Сёрен Оби́ Кьеркегор – даниялық діни философ, психолог және жазушы, экзистенциализмнің негізін қалаушы.

Кьеркегордың «Әлде/Немесе» деген 90-беттік эссесі некенің эстетикалық негізделуіне арналған, яғни оқырманды некеге тұру дегеніміз – махаббат сезімін азайтатын емес, керісінше, асқақтата түсетініне сендіруді мақсат қояды. Оның айтуынша, романтикалық балладалар мен романдар махаббаты бейне бір еңсеріп өтуге тиіс қиындықтар қатары немесе квест ретінде сипаттап, некедегі шынайы мақсатын көрсетпейді. Кьеркегордың айтуынша, неке дегеніміз – шынайы романтикалық махаббаттың ақырғы нүктесі емес, керісінше, нағыз басталар тұсы. Бұл эссе шіркеулік некеше мүлде қарсы көзқарасты ұстанатын романтикалық эстет редакторға жазылған хат ретінде сипатталған.

Эссенің және бір кейіпкері Вильгельм некеге тұруға себеп боларлық жалғыз нәрсе – бұл келешек жарыңа деген махаббат деп сенеді. Ол адамдардың некеге тұруға итермелейтін басқа да нәрселерді атайды, бірақ олардың ешқайсысы эстетикалық тұрғыдан да, этикалық тұрғыдан да толыққанды емес. «Егер әйел адам осы Әлемге оны Құтқарушыны дүниеге әкелу үшін тұрмысқа шықса да, бұл неке эстетикалық тұрғыдан да, моральдық жағынан да жөнсіз, әрі діни ұстанымға қайшы болар еді», – дейді Вильгельм. Екі адамды сезімдік және рухани бір толықтыққа жеткізетін жалғыз нәрсе – бұл Махаббат.

Алайда романтикалық махаббатан айырмашылығы – некенің жауапкершілігі бар. Бірақ бұл міндеттер махаббаттың жауы емес, керісінше, досы. Некедегі басты міндет – жан жарыңды шынайы, жүректің бар ынтасымен сүю.

Милльдің «Әйелдердің бағыныштылығы туралы» еңбегі феминизмнің классикасы саналса, Кьеркегордың «Әлде/Немесе» эссесіндегі Вильгельм соттың бейнесі дәстүрлі некенің нағыз классикалық қорғаушысы іспеттес. Ал Шопенгауэрдің 1861 жылы жария еткен «Әйелдер туралы» шығармасы ерлер шовинизмінің жарқын үлгісі болды. Бұл шығарманың идеясына сай, әйел адамның жалғыз мақсаты – дүниеге бала әкеліп, оған қамқорлық жасап, өз ер азаматына бағынышты болу. Ол үнемі сабырлы болып, күйеуінің көңіл-күйін көтеріп отыруы қажет. Әйелдердің балаларды бағып-қағуға деген ептілігі олардың өздерінің бала сияқты болуында: олар үнемі осы күнмен өмір сүреді және психикалық тұрғыда көп нәрсенің байыбына бара бермейді. «Табиғат әйелдерді айтарлықтай сұлу етіп жаратты – бұл оған ер адамның назарын аударуы үшін қажет, бірақ бір немесе екі бала туған соң отбасының шаруасынан басқа нәрсеге алаңдамасын деп, Табиғат дана шешіммен оның сұлулығын алып қояды, – дейді Шопенгауэр.

Шопенгауэрдің пікірінше, әйел адамдардың мінез-құлқының басты кемшілігі – олардың бойында әділеттілік сезімінің болмауы. Өздері табиғатынан әлсіз болғандықтан, олар қажет нәрсесінің бәріне тек қулықпен ғана қолжеткізе алады. «Табиғат арыстанды азулы тістер мен тырнақтармен, пілді мүйізімен, қабанды азуымен, бұқаны мүйіздермен қамтығандай, әйел адамның шабуыл жасау және қорғану құралдары – өзгермелі бола білуі».

Әйел адамдар ер адамдарға ақыл-ой пайымдарын жасау жағынан ғана емес, көркемдік дарыны мен бағалау жағынан да жете алмайды және бұл жердегі мәселе олардың театрдағы концерттерде көп сөйлейтінінде ғана емес (мұны ерекше атап өтуі, Шопенгауэрдің бұл жағдаят қатты ызасын келтіретінін байқатады), жалпы әйелдерге шығармашылық қабілеттер жетіспейді деген екен Шопенгауэр.

Оның ойынша әйелдердің ең жағымсыз типі – бұл леди, яғни бір тұғырға көтеріліп, ер адамдардың өте сыпайы қатынасын талап ететін және тым менменшіл, өркөкірек етіп тәрбиеленген әйелдер. Еуропалық леди – табиғи жаратылысқа сай келмейтін, жасанды тұлға, Шығыстағы адамдардың мазағына қалатын әйелдердің түрі. Оның осындай жасандылығы осы жыныстың көптеген өкілдерін бақытсыз етті.

Шопенгауэрдің айтуынша, ойлау пайымдары еркектікіндей емес әйелдердің ер адамдармен тең құқылы болуы – заң тарапынан жасалған үлкен бір қателік. Мұндағы Шопенгауэрдің айтып отырған «тең құқықтары» мүліктік құқық немесе сайлау құқығына қатысы жоқ; мұндағы тең құқықтар моногамия институтын білдіреді, яғни екі жыныстың да өкілдеріне бір ғана жар таңдау мүмкіндігі. Шопенгауэрдің ойынша, полигамия бұл жағынан әлдеқайда дұрыс механизм



болар еді: себебі ол әрбір әйелдің қамқорлыққа алынуын қамтамасыз етеді. Ал моногамияның кесірінен көптеген әйелдер жалғызбасты өмірдің кесірінен ауыр жұмысқа жегіліп немесе жеңіл жүріске салынады. «Тек Лондонның өзінде 80 мың өз тәнін сататын әйел бар: бұл моногамия үшін жасалған құрбандық емес пе?» – дейді Шопенгауэр. Полигамия, оның ойынша, ең алдымен әйелдердің мүддесі тұрғысынан тиімді, оған қоса, ол ер адамдардың қалауын реттеп отырады. «Шын мәнінде моногамист деген кім?» Біз бәріміз полигамияда өмір сүреміз. Әрбір ер адам көптеген әйелдерді қажет ететіндіктен, оның өз таңдауында еркін болуы – әбден әділетті нәрсе, оған қоса, ол көптеген әйелдерге қолдау көрсетуге міндетті болады.

Кейінгі ұрпақ Шопенгауэр емес, Милльдің соңынан ергені үшін біз риза болуымыз керек шығар. Расында да Милльдің «әйелдердің бағыныштылығында» сипаттаған проблемалар, ең құрығанда, оның атаған елдерінде қазіргі таңда өзекті емес. Милльдің сынаған заң талаптарына баяғыда-ақ тыйым салынды. Қазіргі кезде әйелдер заңға сай құқық мәселелеріне келгенде, ер адамдармен тең. Жалпы Милль феминизм бағытына едәуір ықпал еткен адамдардың бірі.

Карл Маркс капитал мен еңбек

Милль өзінің либералды классикалық туындыларын жазып жатқанда, сол жылы және дәл сол қалада Карл Маркс өзінің коммунизм теориясын жасақтап жатты. Кейіннен бір жылдан аса уақыт осы екі бағыт бір-біріне қарсы текетірісте болады.

Карл Гёнрих Маркс – неміс философы, социолог, экономист, жазушы, ақын, саяси журналист, қоғамдық қайраткер.

Саясаттың өз заңдылықтары бар, оны дерексіз көпшілік емес, өздерінің мақсаттарымен, талап-тілектерімен, ойлары және сезімдерімен белсенді түрде саяси процестерге қатысатын адамдар жасайды.

Сөйтіп, саясаттың субъектісі ретіндегі жеке адам туралы қай тұрғыда айта аламыз? Адам қоғамның саяси өміріне белсенді қатысуы барысында әлеуметтік жағынан жетіледі, өседі және саясаттың субъектісіне айналады. Саясаттың субъектісі болып табылатын жеке адам ұғымы адамның әлеуметтілігі туралы тезисті нақтылаумен тығыз байланысты: адам өзінің табиғатында қоғамдық қана емес, саяси да тіршілік иесі, себебі қоғам өзінің дамуының барлық кезеңдерінде дерлік саяси құралым болып табылады. «Саясаттың субъектісі» термині саясатты жасайтын, өзінің қызметін баянды да шынайы нәтижелерге бағыттай отырып, қоғам өміріне саналы және мақсатты түрде белсенді ат салысатын адамға қатысты.

Қазіргі кезде біз К. Маркстің қағидасын есімізге түсірейік. Ол былай дейді: «Әлеуметтендіру – индивидке еш ойланбастан дайын әлеуметтік қалыпты тигізе салу емес. Әлеуметтендірудің объектісі ретінде әрекет ететін индивид, сонымен қатар қоғамдық белсенділіктің субъектісі, қоғамдық нысандарды жасаушы да болып табылады». Сонымен бірге К. Маркс атап көрсеткеніндей: «өндірістің арқасында жаңа сапаларға қол жеткізе, өзін-өзі жетілдіре және өзгерте отырып, жаңа күштер мен жаңа түсініктерді, жаңа қарым-қатынас әдістерін, жаңа қажеттіктер мен жаңа тілді жасай отырып, өндірушілердің өздері де өзгереді».

Басқаша айтқанда, мына жағдайды естен шығаруға болмайды: осындай тіршілік иесін қоғам ғана жасамайды, адам да «қоғамды жасайды», «өзін-өзі және айналадағыларды жасайды». Бұл белсенді жеке тұлғаны, оның саяси «менін» жасау процесі, яғни жеке адамның саясатқа араласуы саяси жүйе индивидті өз аясына тартып, өзінің жақтастарын топтастырған кезден, сондай-ақ оларды қарапайым саяси міндеттерді орындауға үйретіп, жай саяси қызмет дағдысын қалыптастырған кезден басталады. Саясат пен жеке адамның бұл өзара әрекеттестігінің нақты тарихи сипаты бар. Әрбір саяси жүйе саяси әлеуметтендірудің өзіндік тетіктерін жасайды. Ал бұл тетік таптық қоғамның дамуымен ғана байланысты, яғни құл иеленуші қоғамнан бастап пайда болады. Алайда оның дамыған нысандары таптық күштердің орналасуы жеке адамдардың саяси рольдерін, мүдделері мен құндылықтарын елеулі түрде айқындайтын жерде, капитализмнен бастап, пайда болады.

Маркстың айтуынша, материалды өмірді құраудың тәсілі әлеуметтік, саяси және интеллектуалды өмірді – жалпы үдерістің бас-аяқ қайда жылжитынын анықтайды. Болмысты



адамның санасы емес, керісінше, болмыс адам адамның санасын анықтайды. Тарихтың барысын анықтайтын екі элемент бар: олар өндірістік қатынастар мен күштер. Мұндағы Маркстың күш деп отырғаны дайын өнімді өндіруге қажетті шикізат, технология мен еңбек.

Маркстің жазушылық мансабының шарықтау шегі – ауқымды «Капитал» еңбегі еді, бұл туынды өндірістік күштер мен қатынастар тарихты қалайша басқарғанын егжей-тегжейлі түсіндіруге арналды. Капиталдың бірінші том 1867 жылы Гамбургте жарық көрген болса; екінші және үшінші томдарын 1883 жылы Маркс дүниеден озғаннан кейін Энгельс жариялады. Маркс Хайгейт зиратында әйелінің қасына жерленді.

Маркстың ұлы еңбегінің мазмұны капиталистік жүйенің ақырғы дағдарыс жағдайында тұрғанын баяндайды. Капитализмнің болмысы жұмысшы тапты қанауды көздейді. Себебі кез келген өнімнің нағыз құны оған салынған еңбектің көлемімен байланысты. Бірақ капиталист бұл табыстың бір бөлігін өзі иемденіп, жұмысшыға осы өнімнің шынайы құнынан біршама аз қаржы төлейді. Технологияның дамуы, онымен бірге өнімділік артқан сайын, еңбектің арқасында табылатын байлықтың барған сайын ұлғаятын көлемі капиталистің қалтасына кетіп жатады. Мұндай қанау түбінде пролетариат оны төзгісіз деп санап, көтеріліске шығатын күйге міндетті түрде жетеді. Капиталистік жүйе пролетариаттың диктатурасына ауысып, ол жеке меншік жойылып, өндіріс құралдары толығымен орталықтандырылған мемлекеттік бақылауда болатын социалистік мемлекет құрады. Алайда социалистік мемлекет, өз кезегінде, күйреп, жеке адамның мүдделері қоғам мүдделерімен үндесетін коммунистік қоғамға ұласады.

Сәуегей ретінде танылған Маркстің және оның идеология – бұрынғы болған жағдайға қайта оралудың немесе «статус квоның» «түтін бүркемесі» деген тұжырымының тас-талқаны шықты. Бірақ сана өмір барысын өзгертуге қауқарсыз деген тезисті терістейтін ең нанымды дәлел – Маркстің философиясының өзі. Себебі оның ғылыми теория ретінде емес, саяси белсенділік пен саяси режимдерге жетекшілік ету үшін шабыт ретінде қарастырылатын идеяларының жүйесі – жақсы болсын, жаман болсын, өзі дүниеден өткеннен бері әлем тарихына зор әсер етті.